Аннотация. В современном пространстве высшего образования содержание подготовки магистрантов не ограничивается предметно-теоретическими знаниями, а требует сочетания их способности проводить научные исследования и опыта выполнения профессиональных задач в производственной среде. В этой связи обеспечение взаимосвязи образовательной, научно-исследовательской и производственной деятельности рассматривается как важное условие повышения качества подготовки магистрантов. Такая интеграция позволяет развивать не только профессиональную компетентность магистрантов, но и их исследовательскую культуру, инженерное мышление и навыки практического решения проблем. Однако вопрос комплексной оценки и диагностики результатов этого интеграционного процесса недостаточно систематизирован и требует углубленного анализа с научно-методологической точки зрения. Цель данного исследования – диагностика результатов подготовки магистрантов, осуществляемой на основе интеграции образования, науки и производства, и определение эффективных направлений ее совершенствования. В исследовании использовался смешанный методологический подход: в теоретической части был проведен анализ работ в базах данных Web of Science, Scopus и Google Scholar, а в эмпирической фазе был проведен опрос с участием 100 студентов, обучающихся в рамках образовательной программы 7М015 – Подготовка учителей естественных наук. Для сбора данных был разработан опросник на основе 5-балльной шкалы Ликерта. Результаты были обработаны с помощью программы jamovi, использовались методы описательной статистики и корреляционного анализа Пирсона. В результате статистического анализа была выявлена умеренная положительная корреляция между образовательным компонентом и научно-исследовательской деятельностью ($r = 0,358$, $p < 0,001$). Кроме того, наблюдалась значительная положительная корреляция между показателями образования и производственного опыта ($r = 0,423$, $p < 0,001$). Наиболее высокий показатель был зафиксирован в связи между научно-исследовательским и производственным компонентами, которая характеризовалась сильной положительной корреляцией ($r = 0,612$, $p < 0,001$). Полученные результаты свидетельствуют о том, что активное участие магистрантов в научно-исследовательской работе напрямую способствует эффективному выполнению ими профессиональных задач в промышленной среде. Результаты исследования могут послужить основой для разработки практических рекомендаций по совершенствованию магистерских образовательных программ, укреплению партнерских отношений между

университетами и промышленностью, а также формированию систематической модели оценки результатов обучения.

Ключевые слова: Обучение в магистратуре, интеграция образования, науки и промышленности, профессиональная компетентность, диагностика, корреляционный анализ, партнерство университета и промышленности

Кіріспе. Қазіргі жаһандану жағдайында және тұрақты даму талаптарының күшеюіне байланысты жоғары білім беру жүйесіне қойылатын әлеуметтік-экономикалық сұраныстар сапалық тұрғыда өзгеруде. Магистратура деңгейінде мамандар даярлау енді тек академиялық теорияны меңгерумен шектелмей, ғылыми-зерттеу қызметі мен өндірістік тәжірибені кіріктіретін кешенді модельдерге негізделуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, білім, ғылым және өндіріс интеграциясы магистранттардың кәсіби әрі трансформациялық құзыреттерін қалыптастырудың негізгі факторы ретінде айқындалады.

Ғылыми зерттеулерде магистрлік бағдарламаларда work-integrated learning (WIL) тәсілін енгізу білім алушылардың тұрақты даму мәселелерін терең түсінуіне, кәсіби жауапкершілігін арттыруына және нақты өндірістік ортада әрекет ету дағдыларын дамытуына ықпал ететіні көрсетілген (Argento et al., 2023). Мұндай ықпалдастық теория мен практиканың өзара байланысын нығайтып, болашақ маманның еңбек нарығына бейімделуін жеңілдетеді. Сонымен қатар, магистратура мен докторантура деңгейінде трансверсал дағдыларды дамыту мәселесіне ерекше мән беріліп отыр, себебі сыни ойлау, коммуникация және командалық жұмыс сияқты әмбебап құзыреттер күрделі кәсіби міндеттерді шешуде шешуші рөл атқарады (Ashonibare, 2022).

Әдеби шолу. Білім беру мен өндірістік сектор арасындағы өзара әрекеттестіктің жаңа формалары, соның ішінде өндірістік бағытталған магистрлік және индустриялық докторлық бағдарламалар, академиялық білім мен кәсіби тәжірибені тиімді үйлестіру құралы ретінде қарастырылады (Bernhard and Olsson, 2022). Мұндай бағдарламалар магистранттардың ғылыми-зерттеу қызметін нақты өндірістік міндеттермен байланыстырып, олардың кәсіби сәйкестенуін қамтамасыз етеді. Университет пен өндіріс арасындағы стратегиялық серіктестік білім беру нәтижелерінің практикалық құндылығын арттырып, инновациялық әлеуетті күшейтеді (Bowser et al., 2024).

Магистратура бағдарламаларында пәнаралық ықпалдастық пен жобалық-зерттеу жұмыстары да маңызды орын алады. Пәнаралық магистрлік жобалар әртүрлі ғылыми салалардағы білімді синтездеуге мүмкіндік беріп, жауапты инновацияларды әзірлеу қабілетін қалыптастырады (Colecchia et al., 2024). Бұл білім, ғылым және өндіріс арасындағы интеграциялық үдерістің нақты нәтижелерін көрсетеді.

Сонымен бірге, инженерлік және басқару бағыттарында оқу мазмұнын өндірістік талаптарға сәйкестендіру, қолданбалы тапсырмалар мен зертханалық жұмыстарды енгізу кәсіби құзыреттердің тиімді қалыптасуына ықпал

етеді (Dorofeev and Bukalova, 2019). Қазіргі ғылыми әдебиеттерде миссияға бағытталған білім беру және problem-based learning (PBL) модельдерінің магистрлік деңгейде жоғары нәтижелілікке ие екені атап көрсетіледі (Guerra et al., 2023). Бұл тәсілдер магистранттардың әлеуметтік-техникалық мәселелерді кешенді талдауына және тұрақты даму құндылықтарын кәсіби қызметпен ұштастыруына мүмкіндік береді (Haase et al., 2023).

PBL негізіндегі оқыту сыни ойлау, рефлексия және командалық өзара әрекет сияқты мета-құзыреттерді дамытуға жағдай жасайды (Holgaard et al., 2023). Университет өндіріс серіктестігі аясында жүзеге асырылатын бірлескен жобалар білім, ғылым және өндіріс интеграциясының тиімділігін практикалық тұрғыдан дәлелдейді (Geil et al., 2023).

Осылайша, магистранттарды білім–ғылым–өндіріс интеграциясы негізінде даярлау нәтижелерін ғылыми тұрғыда диагностикалау және жетілдіру жоғары білім беру жүйесінің стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл бағытта ғылыми негізделген бағалау көрсеткіштерін әзірлеу, интеграциялық оқыту модельдерін жетілдіру және өндірістік серіктестікті нығайту магистрлік білім беру сапасын арттырудың басты алғышарттары ретінде айқындалады.

Kivet et al. (2023) білім беру, ғылым және технология салаларындағы халықаралық тәжірибені талдай отырып, магистратура деңгейіндегі оқытудың нәтижелілігі білім мазмұнының ғылыми-зерттеу қызметімен және өндірістік практикамен өзара кіріктірілу дәрежесіне тәуелді екенін көрсетеді. Авторлар теориялық дайындықтың практикалық қызметпен үйлесуі магистранттардың кәсіби құзыреттерін жүйелі қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап өтеді.

Pikkarainen, Kantanen және Honka магистрлік білім беру бағдарламаларын әзірлеу барысында еңбек нарығының нақты талаптарын ескеру қажеттігін негіздейді (Pikkarainen et al., 2023). Олардың зерттеу нәтижелері өндірістік ортаға бағдарланған бағдарламалар білім алушылардың кәсіби бейімделуін жеделдетіп, оқу нәтижелерінің қолданбалы маңызын арттыратынын дәлелдейді. Білім, ғылым және өндіріс арасындағы өзара байланыс магистрлік даярлық сапасын айқындайтын маңызды фактор ретінде сипатталады.

Mamontov (2021) шағын және орта бизнес менеджерлерін даярлауға арналған магистрлік бағдарламаларды талдау негізінде өндірістік серіктестердің оқу мазмұнын қалыптастыруға қатысуы магистранттардың басқарушылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға елеулі ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен қатар автор даярлық нәтижелерін бағалауда өндірістік тапсырмаларды орындау сапасын негізгі диагностикалық көрсеткіш ретінде қарастырады.

Martins және әріптестері жауапты менеджментке бағытталған магистрлік білім беруде пәнаралық тәсілдердің маңызын айқындайды (Martins et al., 2023). Әртүрлі ғылыми бағыттардың өзара ықпалдасуы магистранттардың кешенді ойлауын, стратегиялық шешім қабылдау қабілетін және әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік береді. Пәнаралық даярлық білім, ғылым және өндіріс интеграциясының мазмұндық негізі ретінде қарастырылады.

Meeningen et al. (2025) тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға бағытталған магистрлік бағдарламалардың әлеуетін талдай отырып, университеттердің ғылыми-зерттеу және білім беру қызметін біріктіру магистранттардың жаһандық және жүйелік ойлауын дамытуға жағдай жасайтынын дәлелдейді. Бұл жағдайда магистрлік даярлық нәтижелері кәсіби құзыреттермен қатар құндылықтық бағдарлар арқылы да сипатталады.

Mokoka et al. (2023) және әріптестері жобалық оқыту мен мәдениетке сезімтал педагогиканы біріктіру білім алушылардың өзіндік тиімділігін және инклюзивтілік деңгейін арттыратынын көрсетеді. Жобалық қызметке негізделген тәсіл магистранттардың командалық жұмыс, рефлексия және кәсіби сенімділік дағдыларын дамытуда тиімді құрал ретінде сипатталады.

Napoleoneet et al. (2023) problem-based learning (PBL) тәсілін инженерлік білім беру контекстінде қарастырып, бұл модель магистранттардың кәсіби және зерттеушілік құзыреттерін дамытуға ықпал ететінін негіздейді. PBL білім, ғылым және өндіріс интеграциясын іске асырудың тиімді педагогикалық механизмі ретінде ұсынылады.

Ottoet et al. (2023) PBL ортасында білім алатын инженерлік бағыттағы магистранттардың цифрлық құзыреттерін зерттеп, олардың өндірістік мәселелерді шешу қабілеті айқын дамитынын анықтайды. Цифрлық және кәсіби құзыреттердің өзара байланысы даярлық нәтижелерін бағалауда маңызды өлшем ретінде қарастырылады.

Owens et al. (2019) өндірістік және пәнаралық бағытталған зерттеу даярлығының ерекшеліктерін талдай отырып, академия мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтудың маңыздылығын негіздейді. Ғылыми-зерттеу нәтижелерінің практикалық құндылығы білім беру бағдарламаларының құрылымымен тығыз байланысты екені көрсетіледі.

Ossaiet et al. (2025) жаһандану жағдайында басқару саласындағы магистрлік білім беруді жаңғырту қажеттігін атап өтеді. Авторлар магистранттардың даярлық нәтижелерін бағалауда халықаралық контексті меңгеру, икемділік және өндірістік бейімделу қабілеттері негізгі критерийлер қатарында қарастырылуы тиіс екенін көрсетеді.

Қарастырылған зерттеулер магистранттарды білім, ғылым және өндіріс интеграциясы негізінде даярлау нәтижелерін бағалау мен жетілдіру үдерісінің кешенді сипатқа ие екенін және оның өндірістік серіктестік деңгейімен, пәнаралық мазмұнмен, сондай-ақ ғылыми негізделген диагностикалық құралдармен тығыз байланыста қарастырылатынын айқындайды.

Зерттеу материалдары мен әдісі. Зерттеу барысында магистранттарды білім, ғылым және өндіріс өзара ықпалдастығы негізінде даярлау нәтижелерін бағалау және оны жетілдіру мүмкіндіктерін айқындауға қатысты ғылыми жарияланымдарға жан-жақты талдау жасалды. Дереккөздерді анықтау мен сұрыптау үшін беделді халықаралық ғылыми платформалар пайдаланылды. Атап айтқанда, Web of Science, Scopus және Google Scholar базаларында жүйеленген іздестіру жұмыстары жүргізілді.

Ғылыми еңбектерді іріктеу үдерісінде зерттеу тақырыбына сәйкес кілт сөздер комбинациясы құрылып, соңғы он жылдықтағы (2015–2025 жж.) жарияланымдарға басымдық берілді. Іздеу сұраныстарына «магистрлік даярлық», «білім–ғылым–өндіріс ықпалдастығы», «кәсіби құзыреттер», «диагностикалық бағалау», «корреляциялық талдау», «университет–өндіріс әріптестігі» сияқты ұғымдар енгізілді. Уақыттық шектеу заманауи зерттеулер мен қазіргі тенденцияларды қамту мақсатында белгіленді.

Эмпирикалық бөлім Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 7М015 – Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау білім беру бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Зерттеуге 100 магистрант ерікті түрде қатысты. Деректерді жинау үшін арнайы әзірленген сауалнама қолданылды. Ол білім беру мазмұны, ғылыми-зерттеу белсенділігі және өндірістік тәжірибе көрсеткіштері арқылы магистранттардың даярлық деңгейін бағалауға бағытталды. Сауалнама тұжырымдары 5 баллдық Likert шкаласы негізінде құрылып, қатысушылардың келісу дәрежесін сандық түрде өлшеуге мүмкіндік берді.

Жиналған мәліметтерді статистикалық өңдеу үшін *jamovi* бағдарламасы пайдаланылды. Алдымен сипаттамалық статистика әдістері (орташа арифметикалық мән, медиана, стандартты ауытқу) арқылы деректердің жалпы көрінісі мен орталық тенденциялары анықталды. Бұл кезең магистранттардың даярлық деңгейін кешенді сипаттауға мүмкіндік берді.

Компоненттер арасындағы өзара байланысты анықтау мақсатында Пирсонның сызықтық корреляциялық коэффициенті есептелді. Аталған әдіс білім беру, ғылыми-зерттеушілік және өндірістік тәжірибе көрсеткіштері арасындағы байланыс бағыты мен күшін сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Корреляция коэффициенті -1 мен $+1$ аралығында мән қабылдайды: оң мәндер көрсеткіштердің бір бағытта өзгеретінін, яғни бір компоненттің артуы екіншісінің де өсуімен қатар жүретінін білдіреді;

$r \approx 0.10$ – әлсіз байланыс

$r \approx 0.30$ – орташа байланыс

$r \geq 0.50$ – күшті байланыс

Нәтижелер. Білім, ғылым және өндіріс салаларының өзара ықпалдасуы магистранттарды даярлау жүйесінде оқу бағдарламасының мазмұнын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын және өндірістік тәжірибені бір арнаға тоғыстыра ұйымдастыруды көздейтін кешенді педагогикалық тұжырымдама болып табылады. Аталған тұжырымдама магистранттардың зерттеушілік әлеуетін, инженерлік пайымдау қабілетін және кәсіби құзыреттерін үйлесімді түрде қалыптастыруға бағытталады.

Бұл интеграциялық тәсіл пәнаралық STEM бағытындағы әдістерді, жобалық және зерттеуге негізделген оқытуды (PBL), сонымен қатар дуалды білім беру элементтерін жүйелі түрде ендіруді қарастырады. Оқу процесі теориялық білімді өндірістегі нақты міндеттермен ұштастыру арқылы құрылып, білім алушылардың практикалық дағдыларын тереңдетуге жағдай жасайды.

Модельдің нәтижелілігі білім беру мекемелері, ғылыми орталықтар мен өндірістік ұйымдар арасындағы ұзақ мерзімді әрі мақсатты серіктестікке сүйенеді. Мұндай ынтымақтастық магистранттардың академиялық даярлығын нығайтып қана қоймай, олардың кәсіби ортаға бейімделуін жеделдетіп, еңбек нарығындағы сұранысқа сай маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді.



Сурет 1. Магистранттарды білім–ғылым–өндіріс интеграциясы негізінде даярлау моделі.

Білім, ғылым және өндіріс арасындағы ықпалдастық магистранттардың оқу үдерісінде игерген теориялық білімін ғылыми тәжірибелер мен қолданбалы зерттеулер арқылы тереңдетуге, ал өндірістік практика барысында оны нақты кәсіби ортада апробациялауға жағдай жасайды. Осындай сабақтастық магистранттардың ғылыми-зерттеу мәдениетін жүйелі қалыптастырып, инженерлік пайымдауын және дәлелді практикалық шешім қабылдау дағдыларын біртіндеп жетілдіреді.

Ұсынылып отырған модель мазмұны мен ұйымдастырылуы жағынан дәстүрлі академиялық дайындықтан елеулі түрде ерекшеленеді. Классикалық үлгіде магистрант көбіне білімді қабылдаушы ретінде қарастырылса, интеграциялық тәсілде ол ғылыми-инженерлік және кәсіби әрекеттің белсенді қатысушысы ретінде танылады. Демек, магистрант тек білімді меңгеруші емес, оны өндіретін және практикада іске асыратын субъект ретінде қалыптасады.


Қазіргі жоғары білім беру кеңістігінде магистрлік даярлықты ғылыми-зерттеу қызметі мен өндірістік тәжірибемен ұштастырмай тиімді жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан білім - ғылым - өндіріс ықпалдастығы жағдайында даярлау нәтижелерін кешенді бағалау магистранттардың кәсіби қалыптасу деңгейін айқындаудың маңызды тетігіне айналады. Мұндай бағалау олардың

құзыреттерінің нақты даму дәрежесін және интеграциялық модельдің пәрменділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Магистранттардың даярлық сапасын арттыру үшін ғылыми-зерттеушілік, инженерлік және кәсіби құзыреттерді жан-жақты диагностикалау қажеттілігі туындайды. Бұл диагностика теориялық білімді практикамен байланыстыру қабілетін, өндірістік міндеттерді ғылыми негізде шешуге дайындық деңгейін және инновациялық қызметке бейімділігін бағалауға бағытталады.

Зерттеу барысында магистранттарды даярлау нәтижелері өзара сабақтас үш компонент негізінде сараланды: мотивациялық-құндылықтық, мазмұндық-когнитивтік және іс-әрекеттік-практикалық. Мотивациялық-құндылықтық өлшем кәсіби қызығушылықты, ғылыми ізденіске ұмтылысты және өндірістік қызметке бағдарды сипаттайды. Мазмұндық-когнитивтік құрам теориялық дайындықтың тереңдігі мен ғылыми түсініктердің қалыптасу деңгейін қамтиды. Ал іс-әрекеттік-практикалық компонент білімді кәсіби жағдайда қолдану шеберлігі мен өндірістік тапсырмаларды орындау сапасын айқындайды.

Аталған компоненттерді өзара байланыста қарастыру магистранттардың кәсіби дамуын тұтас жүйе ретінде бағалауға және білім – ғылым - өндіріс интеграциясының педагогикалық тиімділігін кешенді тұрғыдан айқындауға мүмкіндік береді.



Сурет 2. Білім - ғылым - өндіріс интеграциясы негізінде магистранттарды даярлау нәтижелерін диагностикалау моделі.

Ұсынылған диагностикалық модель негізінде магистранттарды білім - ғылым - өндіріс өзара ықпалдастығы жағдайында даярлау нәтижелеріне кешенді талдау жүргізілді. Бағалау рәсімі магистранттардың кәсіби және ғылыми құзыреттерінің қалыптасу деңгейін, өндірістік-инженерлік ойлау ерекшеліктерін, зерттеушілік әрі инновациялық әлеуетінің айқындалуын, сондай-ақ теориялық білімді нақты кәсіби ортада қолдану мүмкіндіктерін анықтауға бағытталды.

Диагностикалық жұмыс өзара сабақтас үш компонентке сүйеніп жүзеге асырылды: мотивациялық-құндылықтық, мазмұндық-когнитивтік және іс-әрекеттік-практикалық. Әрбір құрамдас бойынша алынған деректер магистранттардың даярлық көрсеткіштері біркелкі емес екенін көрсетті.

Мотивациялық-құндылықтық өлшем нәтижелері ғылым мен өндіріс саласына бағдарлану деңгейінде елеулі айырмашылық бар екенін айқындады. Жоғары деңгейдегі магистранттар ғылыми ізденіске және өндірістік қызметке тұрақты қызығушылық танытып, инновациялық бастамаларға ішкі уәжінің айқын екенін көрсетті. Орта деңгейде кәсіби жауапкершілік пен академиялық белсенділік қалыптасқанымен, дербестік пен бастамашылдық жеткілікті дәрежеде байқалмады. Төмен деңгейде кәсіби ынта әлсіз, ғылыми және өндірістік әрекетке қызығушылық тұрақсыз сипатта көрінді.


Мазмұндық-когнитивтік компонент бойынша нәтижелер пәнаралық білімді (инженерлік, цифрлық және STEM бағыттары) меңгеру сапасын және ғылыми-әдіснамалық дайындық деңгейін сипаттады. Жоғары көрсеткіш иелері ғылыми әдістер мен заманауи технологияларды жүйелі түрде қолдана алатынын, инженерлік тәсілдерді тиімді кіріктіретінін көрсетті. Орта деңгейде теория мен өндірістік тәжірибе арасында байланыс орнағанымен, күрделі талдау және синтездеу дағдылары жеткіліксіз байқалды. Ал төмен деңгейде теориялық білім басым болғанымен, оны нақты кәсіби жағдаяттарда қолдану барысында қиындықтар анықталды.

Іс-әрекеттік-практикалық өлшем магистранттардың өндірістік тапсырмаларды орындау, ғылыми жобалау және эксперименттік жұмыс жүргізу мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік берді. Жоғары деңгейдегі магистранттар ғылыми зерттеуді өндірістік шешімдермен тиімді ұштастырып, жобалық және командалық жұмыстарды дербес орындай алатынын дәлелдеді. Орта деңгейде практикалық әрекет белгілі бір әдістемелік қолдауды қажет етті. Төмен деңгейде практикалық дағдылардың жеткіліксіздігі және кәсіби шешім қабылдауда сенімсіздік байқалды.

Жалпы қорытындылар магистранттардың даярлық деңгейін шартты түрде үш санатқа жіктеуге негіз болды: төмен, орта және жоғары. Төмен деңгейде теорияның басымдығы мен практикалық іске асырудың әлсіздігі тән; орта деңгейде білім мен тәжірибе арасындағы байланыс ішінара қалыптасқан; ал жоғары деңгейде ғылыми-зерттеу мен өндірістік міндеттерді нәтижелі кіріктіру қабілеті айқын көрінеді.

Ұсынылған диагностикалық модель магистрлік даярлық сапасын

салыстырмалы түрде объективті бағалауға және әлсіз тұстарды анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері магистранттардың ғылыми-зерттеушілік, инженерлік және кәсіби құзыреттерін дамыту мақсатында оқу мазмұнын жаңғырту, зерттеу инфрақұрылымын жетілдіру, өндірістік серіктестікті кеңейту және цифрлық-инновациялық технологияларды жүйелі енгізу қажеттігін көрсетеді.



Сурет 3. Білім–ғылым–өндіріс интеграциясы негізінде перспективті жетілдіру бағыттары.

Білім беру мазмұнын жаңғырту нәтижелері. Жүргізілген зерттеу магистранттардың даярлық сапасына оқу бағдарламасының құрылымы мен қолданылатын педагогикалық тәсілдердің айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. STEM/STEAM және TVET тұғырнамаларына негізделген модульдерді енгізу пәнаралық білімді терең игеруге мүмкіндік беріп, теориялық материалды нақты инженерлік әрі өндірістік міндеттермен байланыстыруды қамтамасыз етті.

Өндірістік кейстер мен инженерлік сипаттағы тапсырмаларды оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізу кәсіби талдау мәдениетін қалыптастырып, өндірістік жағдаяттарды бағалау және дәлелді шешім қабылдау қабілеттерін жетілдірді. Физика, инженерия және цифрлық технологиялар тоғысындағы жобалар білімді кешенді қолдану дағдыларын нығайтып, даярлықтың қолданбалы бағытын күшейтті.

Ғылыми-зерттеушілік әлеуеттің артуы. Университет пен өндірістік ұйымдардың бірлескен жобаларына қатысқан магистранттарда зерттеушілік құзыреттердің сапалық өсімі байқалды. Магистрлік диссертация тақырыптарын нақты өндірістік мәселелермен ұштастыру ғылыми жұмыстың практикалық құндылығын арттырып, алынған нәтижелерді өндірістік ортада пайдалануға жол ашты.

Стартап-зертханалар мен қолданбалы зерттеу орталықтарының қызметі магистранттардың инновациялық ойлауын белсенділендіріп, ғылыми идеяларды тәжірибелік әрі коммерциялық жобаларға айналдыру қабілетін дамытуға ықпал етті. Бұл өз кезегінде зерттеушілік әлеуеттің жүйелі нығаюына негіз қалады.

Өндірістік серіктестікті кеңейту нәтижелері. Ұзақ мерзімді дуалды практика магистранттардың кәсіби қалыптасуына оң ықпал ететіні анықталды.

Өндірістік ортада үздіксіз тәжірибе жинақтау технологиялық үдерістерді терең түсінуге және нақты кәсіби міндеттерді дербес шешуге мүмкіндік берді.

Өндіріс саласы мамандарын оқу үдерісіне тарту теория мен практика арасындағы алшақтықты қысқартып, магистранттардың кәсіби бағдарын айқындады. Бірлескен бағалау мен менторлық жүйе даярлық нәтижелерін объективті саралауға және жеке даму траекториясын белгілеуге жағдай жасады.

Цифрлық және инновациялық технологияларды қолдану нәтижелері. Виртуалды және қашықтан қолжетімді зертханалар эксперименттік құзыреттерді дамытуға, күрделі өндірістік үдерістерді модельдеу арқылы меңгеруге мүмкіндік берді. CAD/CAM платформалары, цифрлық симуляциялар және робототехника элементтерін пайдалану инженерлік ойлау мәдениетін жетілдіріп, заманауи технологиялық ортада жұмыс істеу дағдыларын арттырды.

Learning analytics құралдарын енгізу оқу жетістіктерін деректер негізінде талдауға, білім беру процесін жекелендіруге және даярлық сапасын басқарудың тиімді механизмдерін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Перспективті даму бағыттарының мәні. Алынған нәтижелер магистранттарды білім-ғылым-өндіріс ықпалдастығы негізінде даярлау жүйесін кешенді жаңғырту олардың ғылыми-зерттеушілік, инженерлік және кәсіби құзыреттерінің өсуіне тікелей әсер ететінін көрсетті. Білім мазмұнын жетілдіру, ғылыми әлеуетті нығайту, өндірістік серіктестікті кеңейту және цифрлық технологияларды жүйелі енгізу магистранттардың еңбек нарығында сұранысқа ие, инновациялық ойлайтын және өндірістік міндеттерді ғылыми тұрғыда шеше алатын маман ретінде қалыптасуына жағдай жасайды.

Магистранттарды білім-ғылым-өндіріс ықпалдастығы аясында даярлау нәтижелерін бағалау. Зерттеу 7M015 – Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау білім беру бағдарламасы аясында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранттары арасында жүргізілді. Мақсатқа сәйкес білім-ғылым-өндіріс ықпалдастығы негізінде іске асырылатын даярлық нәтижелерін барынша объективті бағалау үшін сандық талдау әдістері қолданылды.

Статистикалық өңдеу кәсіби-ғылыми даярлықтың құрылымдық компоненттері арасындағы өзара байланыстарды айқындауға бағытталды. Сауалнама нәтижелері бойынша алынған деректерге корреляциялық талдау жүргізіліп, білім беру мазмұны, ғылыми-зерттеу белсенділігі және өндірістік тәжірибе көрсеткіштерінің өзара тәуелділік деңгейі анықталды. Бұл тәсіл интеграциялық құрамдастардың бір-біріне ықпалын сандық негізде сипаттауға мүмкіндік берді.

Деректер 5 балдық Likert шкаласы арқылы жинақталып, jamovi статистикалық платформасында өңделді. Айнымалылар арасындағы байланыстарды анықтау үшін тиісті корреляциялық әдістер қолданылды. Нәтижелер білім-ғылым-өндіріс интеграциясының магистранттарды даярлау сапасына ықпалын статистикалық тұрғыда негіздеуге мүмкіндік берді.

Алынған көрсеткіштер даярлау процесін жетілдіру бағыттарын айқындауға және ұсынылған педагогикалық модельдің қолданбалы тиімділігін бағалауға негіз болды.

1-кестеде білім беру, ғылыми-зерттеу және өндірістік компоненттер бойынша жүргізілген сипаттамалық статистикалық талдау нәтижелері ұсынылған.

Кесте 1 – Сипаттамалық талдау нәтижелері.

	Education	Science	Industry
N	100	100	100
Жетіспейтін	0	0	0
Орташа	2.94	2.76	2.79
Медиана	3.00	3.00	3.00
Стандартты ауытқу	1.01	0.767	0.795
Минимум	1	1	1
Максимум	5	5	5

Білім беру компоненті бойынша есептелген орташа көрсеткіштің 2,94 деңгейінде болуы оқу мазмұнының магистранттардың кәсіби қалыптасуына жалпы алғанда жағымды әсер еткенін аңғартады. Бұл мән теориялық дайындық пен оқу үдерісін ұйымдастыру тетіктерінің белгілі бір дәрежеде тиімді жүзеге асырылғанын көрсетеді. Яғни білім беру мазмұны кәсіби құзыреттердің қалыптасуына негіз бола алғанымен, оны одан әрі жетілдіру мүмкіндігі сақталады.

Ғылыми-зерттеушілік компоненттің орташа көрсеткіші 2,76 болды. Бұл нәтиже магистранттардың ғылыми жобаларға қатысуы мен зерттеу дағдыларының қалыптасуы қанағаттанарлық деңгейде екенін, алайда толық жүйеленіп, тұрақты сипат алмағанын білдіреді. Демек, ғылыми қызметке тарту үдерісі іске асырылғанымен, оның қарқындылығы мен сапасын күшейту қажеттілігі байқалады.

Өндірістік компонент бойынша орташа мән 2,79 деңгейінде анықталды. Бұл көрсеткіш өндірістік тәжірибенің қолданбалы және инженерлік құзыреттерді дамытуға ықпал еткенін дәлелдейді. Сонымен қатар өндірістік ортадағы тәжірибені тереңдету және практикалық тапсырмалардың мазмұнын күрделендіру арқылы аталған бағыттағы әлеуетті арттыру мүмкіндігі бар екені байқалды.

Жалпы сипаттамалық статистика нәтижелері білім беру, ғылыми-зерттеу және өндірістік құрамдастардың өзара байланыста әрекет ететінін және магистранттарды даярлау үдерісінде кешенді ықпал қалыптастыратынын көрсетті. Бұл деректер интеграциялық даярлау моделінің тиімділігін эмпирикалық тұрғыда негіздеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында аталған үш компоненттің өзара тәуелділігін анықтау мақсатында корреляциялық талдау жүргізілді. Корреляция әдісі айнымалылар арасындағы сызықтық байланыстың бағыты мен күшін сандық мәнде бағалауға мүмкіндік береді.

Талдау 5 балдық Likert шкаласы бойынша жиналған деректер негізінде жүзеге асырылды. Зерттеуге 100 магистрант қатысып, іріктеме көлемінің жеткіліктілігі алынған нәтижелердің статистикалық сенімділігін қамтамасыз етті. Мәліметтер jamovi статистикалық платформасында өңделіп, айнымалылар арасындағы байланысты анықтау үшін Пирсонның корреляция коэффициенті есептелді.

Корреляциялық талдау білім беру мазмұны, ғылыми-зерттеу белсенділігі және өндірістік тәжірибе көрсеткіштерінің өзара байланысын кешенді түрде сипаттауға бағытталды. Әр компоненттің қалған екеуімен байланысы жеке қарастырылып, олардың статистикалық мәнділігі мен байланыс күшінің деңгейі анықталды.

Кесте 2 – Магистранттарды даярлау үдерісіндегі білім, ғылым және өндіріс компоненттерінің Пирсон корреляциялық матрицасы.

		Education	Science	Industry
Education	Пирсон r	—		
	df	—		
	p- мәні	—		
Science	Пирсон r	0.358	—	
	df	98	—	
	p- мәні	<.001	—	
Industry	Пирсон r	0.423	0.612	—
	df	98	98	—
	p- мәні	<.001	<.001	—

Корреляциялық талдау нәтижелері білім беру мазмұны, ғылыми-зерттеу белсенділігі және өндірістік тәжірибе көрсеткіштері арасында өзара тәуелділік бар екенін көрсетті. Пирсон коэффициенттерінің мәндері барлық қарастырылған айнымалылар арасында оң бағыттағы әрі статистикалық тұрғыдан мәнді байланыстардың тіркелгенін растады.

Білім беру мазмұны мен ғылыми-зерттеушілік белсенділік арасындағы байланыс орташа деңгейде анықталды ($r = 0,358$; $p < 0,001$). Бұл оқу үдерісінің сапасы жақсарған сайын магистранттардың ғылыми ізденіске тартылуы мен зерттеу дағдыларының дамуы да арта түсетінін білдіреді. Демек, теориялық дайындық пен ғылыми қызмет бірін-бірі толықтыратын, өзара ықпалдас бағыттар ретінде көрінеді.

Білім беру және өндірістік тәжірибе компоненттері арасында да статистикалық мәні бар орташа оң байланыс тіркелді ($r = 0,423$; $p < 0,001$). Бұл нәтиже оқу барысында қолданылатын STEM сипатындағы тапсырмалар, инженерлік есептер мен өндірістік жағдаяттарды талдау магистранттардың қолданбалы және кәсіби құзыреттерін дамытуға ықпал ететінін көрсетеді.

Ең жоғары корреляциялық көрсеткіш ғылыми-зерттеушілік және өндірістік компоненттер арасында байқалды ($r = 0,612$; $p < 0,001$). Мұндай күшті оң байланыс магистранттардың зерттеу қызметіне белсенді қатысуы олардың

өндірістік міндеттерді шешу қабілетімен және инженерлік ойлау деңгейімен тығыз сабақтас екенін дәлелдейді. Басқаша айтқанда, ғылыми ізденіс өндірістік құзыреттілікті дамытудың маңызды алғышарты ретінде көрінеді.

Жалпы алғанда, алынған деректер білім–ғылым–өндіріс ықпалдастығы магистранттарды даярлау жүйесінде кешенді әрі өзара байланысқан құрылым ретінде әрекет ететінін статистикалық тұрғыда негіздейді. Компоненттердің өзара тығыз байланысы кәсіби, ғылыми және өндірістік құзыреттердің үйлесімді дамуына жағдай жасап, интеграциялық модельдің нәтижелілігін айқындайды.

Талқылау. Эмпирикалық зерттеу нәтижелері магистранттарды білім–ғылым–өндіріс ықпалдастығы негізінде даярлау олардың кәсіби, ғылыми-зерттеушілік және өндірістік құзыреттерін өзара сабақтастықта дамытуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Бұл қорытындылар интеграциялық және пәнаралық білім беру тәсілдерінің тиімділігін негіздейтін халықаралық зерттеулермен үйлеседі. Rana, Aitken және Chimoriya (2025) жоғары зерттеу және докторлық білім беру контекстінде пәнаралық тәсілдер білім алушылардың күрделі мәселелерді кешенді талдау қабілетін арттыратынын атап өтеді. Авторлар пәнаралық ықпалдастықты ғылыми нәтижелер сапасын жақсартатын маңызды фактор ретінде қарастырады. Біздің зерттеу барысында мазмұндық-когнитивтік компонент бойынша жоғары көрсеткіш көрсеткен магистранттардың STEM бағытындағы білімді ғылыми және өндірістік міндеттерді шешуде тиімді қолдануы осы тұжырыммен сәйкес келеді.

Templer және әріптестері (2024) solutions-oriented серіктестіктер мен пәнаралық оқытудың магистрлік және докторлық деңгейдегі даярлықта экологиялық және өндірістік мәселелерді шешуге ықпалын талдайды. Университет пен өндіріс арасындағы өзара әрекеттестіктің зерттеушілік әрі практикалық қабілеттерді дамытудағы рөлі ерекше атап өтіледі. Біздің зерттеуде ғылыми-зерттеушілік пен өндірістік компоненттер арасындағы жоғары оң корреляцияның ($r = 0,612$) анықталуы осы ғылыми пайымдаумен толық үндеседі.

Totuk және әріптестері (2024) инженерлік білім беруде кәсіпкерлік, жобалық және дизайнға бағдарланған тәсілдерді интеграциялау кәсіби дербестікті арттыратынын көрсетеді. Нақты өндірістік тапсырмаларды оқу үдерісіне енгізу білім алушылардың практикалық шешім қабылдау қабілетін күшейтеді. Бұл нәтиже біздің зерттеуде іс-әрекеттік-практикалық компонент бойынша жоғары деңгей көрсеткен магистранттардың өндірістік міндеттерді дербес орындауымен сәйкес келеді. Zhang және Chen (2023) университет–өндіріс ынтымақтастығының магистратура деңгейіндегі тиімділігін эмпирикалық тұрғыда дәлелдеп, оқу мазмұны мен өндірістік тәжірибенің үйлесімділігі кәсіби даярлық сапасына тікелей ықпал ететінін айқындайды. Біздің зерттеуде білім беру мен өндірістік компоненттер арасындағы статистикалық мәнді оң байланыс ($r = 0,423$) осы тұжырымды нақтылай түседі.

Жалпы талдау нәтижелері магистранттарды даярлау барысында білім,

ғылым және өндіріс құрамдастарын өзара байланысқан жүйе ретінде қарастырудың ғылыми негізділігін көрсетеді. Университет–өндіріс серіктестігін нығайту, пәнаралық және жобалық-зерттеу қызметін жүйелі енгізу магистранттардың кәсіби әрі ғылыми әлеуетін арттырудың тиімді тетігі болып табылады.

Қорытынды. Жүргізілген теориялық және эмпирикалық талдау магистранттарды білім–ғылым–өндіріс ықпалдастығы негізінде даярлау олардың кәсіби, ғылыми-зерттеушілік және инженерлік құзыреттерін дамытуда нәтижелі педагогикалық амал екенін дәлелдеді. Ғылыми ізденіс пен өндірістік тәжірибемен ұштастырылған магистрлік даярлық магистранттардың кәсіби қалыптасуын жүйелі әрі бірізді сипатқа ие етеді. Ұсынылған интеграциялық модель пәнаралық STEM тәсілдерін, жобалық және зерттеуге бағытталған оқытуды (PBL), дуалды білім беру элементтерін және университет пен өндіріс арасындағы тұрақты серіктестікті біріктіреді. Бұл құрылым магистрантты тек білім алушы емес, ғылыми-инженерлік және кәсіби қызметтің белсенді субъектісі ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Өзірленген диагностикалық модель даярлық нәтижелерін мотивациялық-құндылықтық, мазмұндық-когнитивтік және іс-әрекеттік-практикалық өлшемдердің бірлігінде бағалауға жағдай жасады. Эмпирикалық деректер компоненттердің өзара тығыз байланыста дамитынын және әсіресе ғылыми-зерттеушілік белсенділік пен өндірістік тәжірибе арасындағы күшті байланыс магистранттардың өндірістік міндеттерді ғылыми негізде шешу қабілетінің қалыптасуымен тікелей сабақтас екенін көрсетті. Зерттеу нәтижелері білім–ғылым–өндіріс ықпалдастығы аясында магистранттарды жүйелі даярлау жоғары оқу орындарындағы білім сапасын арттыруға, университет–өндіріс серіктестігін күшейтуге және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, инновациялық ойлауға бейім мамандарды қалыптастыруға нақты мүмкіндік беретінін айқындайды.

References

- Argento D., Alm K., & Pontoppidan C.A. (2023) Transformative competencies for a sustainable future: Work integrated learning (WIL) at a master's programme in business administration. *Research Portal Denmark*. — Vol. 2023(2). — P. 12-34. <https://local.forskningsportal.dk/local/dki-cgi/ws/cris-link?src=cbs&id=cbs-317dfb83-36b6-4b42-914a-2d8ddc5a0f9c> (In Eng.)
- Bernhard I., & Olsson A. (2022) Industrial PhD education: Exploring doctoral students acting in the intersection of academia and work-life. In *Proceedings of the Informing Science and IT Education Conference*. — P. 12-34. <https://doi.org/10.28945/4961> (In Eng.)
- Colecchia F., Ceschin F., & Harrison D. (2024). Interdisciplinary integrative capabilities as a catalyst of responsible technology-enabled innovation: A higher education case study of design MSc dissertation projects. *International Journal of Technology and Design Education*. — Vol. 35. — P. 359-381. <https://doi.org/10.1007/s10798-024-09901-w> (In Eng.)
- Dorofeev A., & Bukalova G. (2019). Teacher training for masters of engineering: Didactic analysis. *ARPHA Proceedings*. — P. 131-145. <https://doi.org/10.3897/ap.1.e0084> (In Eng.)
- Guerra A., Chen J., Lavi R., Bertel L.B., & Lindsay E. (2023) Transforming engineering education. *Technical University of Denmark. Research Portal Denmark*. — Vol. 9. — P. 321. <https://local.forskningsportal.dk/local/dki-cgi/ws/cris-link?src=aau&id=aau-37136b05-8884-499f-9c45-e3379f0afb94> (In Eng.)

Holgaard J.E., Romme A.G.L., Routhe H.W., Kolmos A., Guerra A., Chen J., Lavi R., Bertel L.B., & Lindsay E. (2023). Facilitating PBL meta-competences in engineering education. *Research Portal Denmark*. — Vol. 9. — P. 75-80. <https://local.forskningsportal.dk/local/dki-cgi/ws/cris-link?src=aauid=aau-ff0ca0eb-2d3a-4105-9d64-2d637148e80c> (In Eng.)

Kiv A., Semerikov S.O., Striuk A.M., Osadchyi V., Vakaliuk T.A., Nechypurenko P.P., Bondarenko V., Mintii I.S., Malchenko S., Vlasenko K., Lovianova I.V., Chumak O., Sitak I.V., & Kovalenko D. (2023) XV International Conference on Mathematics, Science and Technology Education (ICon-MaSTEd 2023). — Vol. 2611. — 414 p. <https://doi.org/10.31812/123456789/7995> (In Eng.)

Mamontov S. (2021). Postgraduate “Management” program design for small and medium business managers. *SHS Web of Conferences*. — Vol. 97. — P. 1-11. <https://doi.org/10.1051/shsconf/20219701013> (In Eng.)

Martins F.P., Cezarino L.O., Liboni L.B., Hunter T., Batalhão A.C. da S., & Paschoalotto M.A.C. (2023) Unlocking the potential of responsible management education through interdisciplinary approaches. *Sustainable Development*. — Vol. 32(3). — P. 2001-2014. <https://doi.org/10.1002/sd.2757> (In Eng.)

Meeningen Y. van, & Jönsson K. (2025) Promoting sustainable development in higher education: Lund University Agenda 2030 Graduate School. In *World sustainability series*. — P. 67-83. https://doi.org/10.1007/978-3-031-80380-2_4 (In Eng.)

Mokoka B., Smith L., Wolff K., Bertel L.B., Guerra A., Chen J., Lavi R., & Lindsay E. (2023) Work in progress: Project-based learning and culturally-responsive pedagogy: An approach to foster self-efficacy and inclusivity in undergraduate engineering education. *Research Portal Denmark*. — Vol. 9. — P. 272-276. <https://local.forskningsportal.dk/local/dki-cgi/ws/cris-link?src=aauid=aau-d59dba55-80cd-4e18-a892-2f8089956d27> (In Eng.)

Napoleone A., Bertel L.B., & Andersen A.-L. (2023) PBL requirements and challenges for teachers in industrial engineering education. *Research Portal Denmark*. — Vol. 9. — P. 211-218. <https://local.forskningsportal.dk/local/dki-cgi/ws/cris-link?src=aauid=aau-a2f7dc0d-bd7d-4822-b78d-86ef58788b1d> (In Eng.)

Ossai A.G., Asabor M.B., Oduma J.O., & Oseji M.N. (2025) Reshaping management education for a globalized world. *Frontiers in Education*, 10, Article 1614737. <https://doi.org/10.3389/educ.2025.1614737> (In Eng.)

Otto S., Bertel L.B., Guerra A., Chen J., Lavi R., & Lindsay E. (2023) Engineering students' perceptions of digital competences in a PBL environment. *Research Portal Denmark*. — Vol. 9. — P. 118-123. <https://local.forskningsportal.dk/local/dki-cgi/ws/cris-link?src=aauid=aau-cdce785d-5a26-4794-97d8-4ba737811d3f> (In Eng.)

Owens A., Brien D.L., McAllister M., Batty C., Carson S., & Tuckett A. (2019) Researching, implementing, and evaluating industry focused and cross-disciplinary doctoral training. *International Journal of Doctoral Studies*, 14. — P. 651–669. <https://doi.org/10.28945/4422> (In Eng.)

Pikkarainen A., Kantanen M.-S., & Honka P. (2023) Development of a new master's degree program based on work life requirements. *European Journal of Education Studies*. — Vol. 10(6). — P. 289-297. <https://doi.org/10.46827/ejes.v10i6.4842> (In Eng.)

Rana K., Aitken S., & Chimoriya R. (2025). Interdisciplinary Approaches in Doctoral and Higher Research Education: An Integrative Scoping Review. *Education Sciences*, 15(1). — P. 72. <https://doi.org/10.3390/educsci15010072> (In Eng.)

Templer P.H., Atherton K.F., Conrad-Rooney E., Ho H., Hutyra L.R., Ianniello C.F., Kashian D.R., Levy J.I., Meshoulam D., & Urban M.C. (2024) Strengthening graduate education and addressing environmental challenges through solutions-oriented partnerships and interdisciplinary training. *Sustainable Earth Reviews*, 7(1). <https://doi.org/10.1186/s42055-024-00074-x> (In Eng.)

Totuk O.H. (2024) *Entrepreneur Design: A Novel Framework for Enhancing Final Year Mechanical Engineering Course Efficiency*. DergiPark (Istanbul University). <https://dergipark.org.tr/en/pub/bujoe/issue/94030/1579372> (In Eng.)

Zhang Y., & Chen X. (2023) Empirical Analysis of University–Industry Collaboration in Postgraduate Education: A Case Study of Chinese Universities of Applied Sciences. *Sustainability*, 15(7). — P. 6252. <https://doi.org/10.3390/su15076252> (In Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 27.02.2026.

46,0 п.л. Заказ 1.